


Экологиялық ынтымақтастық шкаласын енгізу бойынша авторларға арналған нұсқаулық

Құрметті авторлар!

Материалдардың сапасын арттыру, өзара әрекеттесудің ашықтығын қамтамасыз ету және «Infolesson» Маркетплейсінің барлық авторлары үшін қолайлы орта қалыптастыру мақсатында экологиялық ынтымақтастық шкаласы енгізілді. Бұл ережелердің сақталуын объективті түрде бағалауға және бұзушылықтарға уақтылы әрекет етуге мүмкіндік береді.

1. Жалпы ережелер

- Экологиялық ынтымақтастық шкаласы — бұл автордың платформадағы сенімділік деңгейін көрсететін динамикалық көрсеткіш. Ол автордың жеке кабинетінде орналасқан.



- Әр автордың шкаласы бастапқыда 100% деңгейінде орнатылады (жасыл сызық).
- Белгілі бір әрекеттерді орындағаны үшін немесе ережелерді бұзғаны үшін шкаладан нақты пайыз шегеріледі.
- Егер шкала 0% деңгейіне жетсе, автордың «Infolesson» Маркетплейсімен ынтымақтастығы автоматты түрде 365 күнге бұғатталады.

- Шкала тек бұғаттау мерзімі өткеннен кейін немесе әдістемелік бөлімнің нұсқаулығын толық орындаған кезде ғана қалпына келтіріледі.

2. Ереже бұзудың түрлері және салдары

Әрекет	Шегерілетін пайыз	Салдары	Орындалу мерзімі
Авторлық құқықты бұзу туралы шағымдар	35%	Жаңа материалдарды жүктеуге бұғат қойылады	Жүктеуді 7 күнге бұғаттау
Коммуникация ережелерін бұзу	35%	Жаңа материалдарды жүктеуге бұғат қойылады	Жүктеуді 7 күнге бұғаттау
Авторлық еңбексіз нейрожелілер көмегімен материал жасау	35%	Жаңа материалдарды жүктеуге бұғат қойылады	Жүктеуді 7 күнге бұғаттау
Материал/сынып/пән түрін 3 немесе одан да көп рет қате көрсету	35%	Жаңа материалдарды жүктеуге бұғат қойылады	Жүктеуді 7 күнге бұғаттау
Материалдарды жүктеу санын автордың пайдасына алдап көбейту фактісі дәлелденген жағдайы	80%	Жаңа материалдарды жүктеуге және қаражатты шығаруға бұғат қойылады, компанияның қаражатын қайтару жүргізіледі.	Жүктеуді 14 күнге бұғаттау
Интернетте компаниямен ынтымақтастық туралы теріс пікірлер	70%	Жаңа материалдарды жүктеуге бұғат қойылады	Жүктеуді 7 күнге бұғаттау

Бірдей немесе ажырату мүмкін емес дәрежеде ұқсас материалдарды (авторға тиесілі ресурстардан басқа) өзге платформаларда жариялау	35%	Жаңа материалдарды жүктеуге бұғат қойылады	Жүктеуді 7 күнге бұғаттау
Өзім туралы сипаттамада жарнамалық сілтемелерді, аватарда немесе профильдің кез келген жерінде жарнаманы жариялағаны үшін	35%	Жаңа материалдарды жүктеуге бұғат қойылады	Жүктеуді 14 күнге бұғаттау
Материалдардың сипаттамаларында немесе әзірлемелерде өз тобына/парақшасына сілтеме жариялағаны үшін	35%	Жаңа материалдарды жүктеуге бұғат қойылады	Жүктеуді 14 күнге бұғаттау
Ынтымақтастықтың бірнеше түрі бойынша бірдей материалдарды жүктегені үшін (егер саналы түрде жүктеу фактісі анықталса)	35%	Жаңа материалдарды жүктеуге бұғат қойылады	Жүктеуді 14 күнге бұғаттау
Автор ТАӘ дұрыс емес, толық емес, басқа адамның аты-жөнін немесе өз аты-жөнін бас әріптермен жазғаны үшін	35%	Жаңа материалдарды жүктеуге бұғат қойылады, деректер жеке куәліктегі мәліметтерге сәйкес өзгерту керек.	Жүктеуді 7 күнге бұғаттау
Автор жүйелі түрде (3 реттен астам) құқықтарды беру критерийлерін бұзағаны үшін (қате	35%	Материалдарға құқықтарды беруге тыйым салынады	Мерзімсіз

филтрлер, кате материал түрлері және т.б.).			
Сіздің аккаунтыңыз бұғатталды. Қаражатты жеке кабинетіңізден {күніне} дейін шығарыңыз.		Шкала 0-ге жеткеннен кейін ынтымақтастық тоқтатылады, қаражатты шығару үшін 3 күндік мерзім беріледі.	Мерзімсіз
Жоғарыда сипатталмаған жеке жағдайлар		Жеке жағдайлар	Әдістемелік кеңестің шешімі бойынша, авторға хабарлама жіберіледі.

3. Авторларға арналған ұсыныстар

- Автордың Оферта шарттарын және платформа ережелерін мұқият оқып, талаптарын сақтаңыз.
- Маркетплейс командасының хабарламаларына жедел назар аударыңыз.
- Өз шкалаңызды 100% деңгейінде ұстауға ұмтылыңыз — бұл платформамен сәтті ынтымақтастықтың кепілі.
- Кез келген сұрақ туындаса, қолдау көрсету қызметіне **marketplace@infolesson.kz** электронды поштасы арқылы хабарласыңыз.

Біз білім беру қауымдастығын дамытуға қосқан үлесіңізді жоғары бағалаймыз және экологиялық таза әрі өнімді ынтымақтастыққа үміттенеміз!

Құрметпен,
Infolesson Маркетплейсінің командасы